

**Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 784 қаулысы.

Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар, Маңғыстау облысының әкімдігі және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және 25 қаңтар мен 25 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан және 15 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 4 қарашадағы  
№ 784 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысы.

2. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 14 қаулысы.

3. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1314 қаулысы.

4. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 806 қаулысы.

5. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 176 қаулысы.

6. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 923 қаулысы.

7. "Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1321 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 629 қаулысы.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 4 қарашадағы  
№ 784 қаулысымен  
бекітілген

**Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары**

Ескерту. Кешенді жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.06.2024 № 513 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Маңғыстау облысы еліміздің өнеркәсіптік өңірі болып табылады, экономиканың негізін мұнай-газ секторы құрайды.

Өнеркәсіп құрылымындағы негізгі үлес тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді игеруге тиесілі, оның үлесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 87,8 %-ды құрады.

Өнеркәсіпте облыс халқының шамамен 16,8 %-ы жұмыс істейді, жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) құрамындағы саланың үлесі шамамен 52,8 %-ды құрайды. Өңір кәсіпорындары жыл сайын еліміздің өнеркәсіптік өнімінің 7,3 %-дан астамын өндіреді.

Бұл ретте 2021 жылы облыстың ЖӨӨ-нің үлес салмағы республика бойынша 3,6 %-ды құрады (республика бойынша 6-орын). Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлеміне қарай Маңғыстау облысы республика бойынша бесінші орында, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 4890,1 мың теңгені құрады (Қазақстан Республикасы бойынша – 4326,1 мың теңге).

Маңғыстау облысының өңдеу өнеркәсібін дамытудағы әлеуеті зор, оған химия өнеркәсібі, машина жасау, мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндірісі, металлургия өнеркәсібі жатады.

"Қарапайым заттар экономикасының" жеткілікті дамымауы, негізінен дайын өнім импорты, өңдеу өнеркәсібіне инвестиция салу тартымдылығының төмендігі, өңдеу өнеркәсібі үшін негізгі құралдарды жаңғыртуға немесе жаңартуға және айналым капиталын толықтыруға "ұзын" қаржыландырудың жетіспеушілігі өңдеу өнеркәсібі саласының негізгі проблемалары болып табылады.

Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда агроөнеркәсіптік кешен анағұрлым аз дамыған. 2021 жылы ауыл, орман және балық шаруашылықтарының жалпы өнім шығару көлемі 22,2 млрд теңгені құрады. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш бойынша облыс 15-ші орынды иеленді. Бұдан басқа, Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығының жалпы республикалық көлемінің 0,3 %-ын ғана (7,4 трлн теңгеден 22,2 млрд теңге) қамтамасыз етеді. Облыстың ЖӨӨ-на ауыл шаруашылығының үлесі 0,7 %-ды құрайды.

Негізгі себептері: климаттық жағдайлар, ауыл шаруашылығын дамыту үшін су ресурстары жоқтың қасы, жайылымдардың нашар сулануы, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өткізу нарықтарынан алыс орналасуы, саланың инвестициялық тұрғыдан тартымды болмауы.

Коронавирус инфекциясы пандемиясы бизнестің экономикалық белсенділігінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Өңір экономикасының шамамен 18,9 %-ын қалыптастыратын бөлшек және көтерме сауда, көлік және сақтау, құрылыс, туристік сала, қоғамдық тамақтандыру сияқты экономика секторлары ең көп зардап шекті.

Бүгінгі күні ішкі туризм Маңғыстау облысының экономикалық өсу драйверлерінің біріне айналуға қабілетті, экономиканы қалпына келтіруде оның мультипликативтік әсері бар. Осы саланың әлеуетін іске асыру үшін "Жылы жағажай" ауданында орналасқан көпфункционалды қонақүй-туристік кешені құрылысының II кезегін, сауықтыру кешендері мен отельдер құрылысын аяқтау, сондай-ақ Кендірлі курорттық аймағын дамыту бойынша шаралар қабылдау қажет.

Қазіргі демографиялық жағдайды талдау өңір тұрғындарының тұрақты өсіп отырғанын көрсетті. Статистикалық деректер бойынша 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Маңғыстау облысы халық санының жыл сайынғы орташа өсу қарқыны шамамен 3,0 %-ды құрады. Соңғы 5 жылда (2018 – 2023 жылдар) халық саны 16 %-ға немесе 108,7 мың адамға артып, 2023 жылдың соңында 786,9 мың адамды құрады. Облыста соңғы 5 жылда бала туудың ең жоғары коэффициенті қалыптасып, 2023 жылы 1000 адамға шаққанда 26,8-ді құрады. Демографиялық болжамға сәйкес өңір халқының саны 2025 жылдың соңына қарай 830,6 мың адамды құрайды, ал 2033 жылға қарай халық саны 1 млн адамнан асады.

Маңғыстау облысындағы көші-қон сальдосы 2021 жылы оң мәнді көрсетті және шамамен 1,8 мың адамды құрады.

Қазіргі демографиялық жағдайды және жалпы облыстың дамуын негізге алсақ, өңірді сумен қамтамасыз етуге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Табиғи жерасты су көзі аз болғандықтан, өңірді сумен жабдықтау "Астрахань-Маңғышлақ" су құбырынан және тұщыландырылған теңіз суынан жүзеге асырылады. Бүгінгі күні ауыз суды тұтыну тәулігіне 150 мың м<sup>3</sup> құрайды. Өңірді сумен қамтамасыз етудегі тапшылық 11 мың<sup>3</sup> көлемінде, ал өңірдің дамуын ескерсек, 2025 жылға қарай суға деген мұқтаждық 250-260 мың м<sup>3</sup> құрайтын болады.

Осы проблеманы шешу мақсатында ірі жобалар іске асырылуда. "Каспий" тұщыландыру зауытының қуатын тәулігіне 40 мың м<sup>3</sup> дейін жеткізудің 2-кезеңін іске асыру басталды. "ҚМГ" ҰК" АҚ "Қаражанбас" кен орнында қуаты тәулігіне 17 мың м<sup>3</sup> болатын зауыт салуда.

Жанаөзен қаласын сумен толық қамтамасыз ету үшін Кендірлі мекенінде және Құрық ауылында қуаты тәулігіне 50 мың м<sup>3</sup>, ал "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС аумағында қуаты тәулігіне 24 мың м<sup>3</sup> тұщыландыру зауыттарын салу жоспарланған. Форт-Шевченко қаласында қуаты тәулігіне 5 мың м<sup>3</sup> тұщыландыру зауытын салу іске асырылатын болады.

Халықтың туу көрсеткішінің өсуі мектептердегі оқушы орындарының жетіспеушілігіне әкеп соқтырады және жаңа мектептер құрылысын жыл сайын қаржыландыруға қомақты қаражат талап етеді. Бүгінгі күні өңірде жалпы білім беретін 145 мектеп жұмыс істейді, олардың контингенті 181 мың баладан асады. Облыста үш ауысымда оқытатын 15 мектеп бар, онда 3,9 мың оқушы үшінші ауысымда оқиды.

Денсаулық сақтау саласында соңғы жылдардағы динамика сәбилердің шетінеуі көбейгенін көрсетіп отыр. Негізгі проблема – дәрігер кадрлардың өте тапшы болуы (2020 жылы – 387 дәрігер).

Өңір халқының қазіргі өсу қарқыны сақталса, әлеуметтік объектілердің – білім беру және медицина мекемелерін, сондай-ақ инфрақұрылымның жетіспеу проблемаларының туындауына алып келеді.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату үшін полигондардың жетіспеуі, елді мекендердегі заңсыз қоқыс үйінділері санының ұлғаюы, халық денсаулығы үшін химиялық қауіп көзі болып отырған құрамында ураны бар химиялық өндіріс қалдықтары сақталатын "Қошқар-Ата" қоймасының болуы (көлдің жалаңаштанған (кепкен) бөлігінде ауыр металдардың болуы, олар желмен бірінші кезекте Ақтау қаласына, Ақшұқыр, Басқұдық ауылдарына тасымалданады) экологияның негізгі мәселелері болып табылады.

Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары бойынша 2050 км-нің тек 62,9 %-ында асфальтбетон төселген, 20,4 %-ы – қиыршық тасты және қалған 16,7 %-ы – жабынсыз. Жақсы және қанағаттанарлық күйдегі ауылішілік автомобиль жолдарының үлесі бүгінде 38,2 % ғана.

Бұл жағдайлар асфальтбетон төсемінің жоғары дәрежеде тозуы, күрделі және орташа жөндеу эпизодтық сипатта болуынан автомобиль жолдарын жөндеу мерзімдерінің сақталмауы, ауылішілік және қалаішілік жолдарды ағымдағы жөндеуге және күтіп-ұстауға бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігі себептерінен болып отыр.

Өңірдің маңызды проблемаларын шешуден басқа, Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) орнықты дамуды қамтамасыз етуге, өңірдің тартымдылығын арттыруға және бизнестің экономикалық белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталатын болады.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көлемі <sup>1</sup> (млн теңге)	Қаржыландыру көздері
-------	------------------	----------------	----------------------	-----------------	--	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
<p>2025 жылдың қорытындысы бойынша Кешенді жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер:</p> <p>Облыстың ЖӨӨ-і 5,4 трлн теңгеге дейін ұлғаяды (2021 жылы – 3,6 трлн теңге). Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 6 793 мың теңгені құрайды (2021 жылы – 4890,1 мың теңге).</p> <p>Өнеркәсіп көлемі 42 %-ға, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,6 есеге (2020 жылғы 177,5 млрд теңгеден 290 млрд теңгеге дейін) өседі.</p> <p>Негізгі капиталға инвестициялар 3,4 есеге өседі және 1,9 трлн теңгені құрайды (2020 жылы – 582 млрд теңге).</p> <p>Ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы өнімі 35 044 млн теңгені құрайды (2020 жылы – 20 193 млн теңге).</p> <p>Жұмыс істеп тұрған ШОБ кәсіпорындарының саны 81 мың бірлікке дейін (2020 жылы – 52,9 мың бірлік), ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны 156 мың адамға дейін (2020 жылы – 121,1 мың адам), ШОБ субъектілерінің өнім шығаруы 1,9 трлн теңгеге дейін (2020 жылы – 1,3 трлн теңге) ұлғаяды.</p>						

1059 км автомобиль жолын салуды, реконструкциялауды және жөндеуді қамтамасыз ету жолымен жақсы және қанағаттанарлық күйдегі жол төсемінің сапасын 98 %-ға дейін (2020 жыл – 86,6 %) арттыру.

991,2 км сумен жабдықтау және 1323,7 км су бұру желілерін салу және реконструкциялау есебінен ауыл халқын орталықтандырылған сумен жабдықтауды (2020 жылы – 92 %) қамтуды 100 %-ға дейін арттыру.

Сондай-ақ 87,9 км электр желісі, 31,2 км жылу желісі мен 521 км газ құбыры салынады және жаңғыртылады (құрылыс есебінен 2021 – 2023 жылдары 504,23 км пайдалануға берілді, 2022 – 2023 жылдары жаңғырту есебінен 5,3 км пайдалануға берілді, 2024 жылы 11,4 км пайдалануға беру жоспарлануда).

5,7 млн м<sup>2</sup> тұрғын үй пайдалануға беріледі (2021 – 2023 жылдары барлығы 4,2 млн м<sup>2</sup>, 2024 жылы 700 мың м<sup>2</sup>, 2025 жылы 800 мың м<sup>2</sup> пайдалануға беріледі). Жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй құрылысының нәтижесінде облыс бойынша бір тұрғынға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз етілу көрсеткіші 27 м<sup>2</sup> деңгейіне жетеді. Сондай-ақ бұл халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары санатынан кезекте тұрғандар санын 10 %-ға азайтуға мүмкіндік береді.

ҚТҚ кәдеге жарату үлесі олардың түзілуіне шаққанда 45 %-ға дейін ұлғаяды (2020 жылы – 33,3 %).

Халықтың табысы 22,0 %-ға (144,2 мың теңгеден 176,0 мың теңгеге дейін) өседі.

Білім беру саласында жаңа 32 мектеп пен 10 жапсарлас құрылыстар салу есебінен 15 мектепте үш ауысымда оқыту жойылады, 5 колледж заманауи жабдықтармен жарақтандырылады және 2 колледж стандартты ғимараттармен қамтамасыз етіледі.

6000-нан астам бала жеке ұйымдардағы үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алады, бұл балаларды қосымша біліммен қамтуды 86 %-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді (2023 жылы – 82 %).

Сондай-ақ жыл сайын облыс мектептері мен колледждерінің оқушылары еліміздің үлгілі мектептерінде, ал 1500 түлек еліміздің жоғары оқу орындарында тегін білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Креативті хабтарды дамыту есебінен NEET-тің кемінде 7-10 %-ы және өнімнің ауылдық жерлеріндегі жұмыссыз жастар жан-жақты әлеуметтену мүмкіндігіне ие болады.

Денсаулық сақтау саласында күтілетін өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 74,3-дан 76,0 жасқа дейін ұлғаяды.

Кешенді жоспарды іске асыру кезеңінде шамамен 50 мың жұмыс орны құрылады.

Орналастыру орындарының санын ұлғайту, облыстың курорттық аймақтарындағы демалыс базаларын абаттандыру, көрсетілетін қызметтердің тізбесін кеңейту және сапасын арттыру есебінен туристер легі 2,5 есеге ұлғаяды (510 мың турист).

Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтарды қамту 45,2 %-ға жетеді (2020 жылы – 35,4 %).

## 1. Өнеркәсіп

1.	Түпқараған ауданында ұңғымалардың құрастырмалы топтық қондырғысын жаңғырту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	172	ЖИ
2.	А Э А аумағында бигбэгтердің жұмсақ қаптама ыдыстарын шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2021 жылғы 4-тоқсан	980	ЖИ
	Ақтау қаласында					

3.	өндірістік-қойма кешені мен әкімшілік кешен салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	8100	ЖИ
4.	Ақтау қаласында екі қабатты және үш қабатты экструдталған полиэтиленмен қапталған болат құбырларды оқшаулау жөніндегі өндірістік цех салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2022 жылғы 3-тоқсан	600	ЖИ
5.	АЭА аумағында термопанельдер шығаратын цех салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2021 жылғы 4-тоқсан	500	ЖИ
6.	Ақтау қаласында аммиак селитрасын бейтараптандыру және буландыру бөлімшесін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2021 жылғы 4-тоқсан	6300	ЖИ
7.	АЭА аумағында полимерлік қаптама шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2021 жылғы 4-тоқсан	303	ЖИ
					65,4	ЖБ
8.	Түпқараған ауданында "Донға" кен орнын игерудің 3-фазасын іске асыру	пайдалануға беру актісі	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	46860	ЖИ
				2023 жылғы 4-тоқсан	19621	
				2024 жылғы 4-тоқсан	100	
				2025 жылғы 4-тоқсан	54859	
9.	АЭА аумағында дайын шыны пластик	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ИИДМ	2022 жылғы 4-тоқсан		ЖИ

	бұйымдарын шығаратын зауыт салу				1027	
10.	"Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында каустикалық сода және құрамында хлоры бар өнімдер шығаратын зауыт салу (1-кезен)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ӨҚМ	2024 жылғы 4-тоқсан	6000	ЖИ
11.	А Э А аумағында калий сульфатын, тұз қышқылын және кальций хлоридін шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ӨҚМ	2024 жылғы 4-тоқсан	1700	ЖИ
12.	"ӨМГ" АҚ-ның есептен шығарылған, бұрын пайдалануда болған сорғы штангаларын сорғы-компрессорлық құбырларын, Жаңаөзен қаласының жергілікті тауар өндірушілеріне белгіленген тәртіппен беруді қамтамасыз ете отырып, арматура, швеллер шығаратын цех құру	ҰЭМ-ге есеп	әкімдік, "ӨМГ" АҚ (келісу бойынша)	2021 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
	Жаңаөзен қаласында жаңа газ	құрылыс-монтаждау жұмыстарын		2024 жылғы 4-тоқсан	3066	



13.	өңдеу зауытын салу	басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талон	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 4 -тоқсан	117535	ЖИ
14.	Ақтау қаласында сұйытылған мұнай газын және газ конденсатын өндіру үшін жаңа шағын газ өңдеу зауытын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	1500	ЖИ
15.	Жаңаөзен қаласы тауар өндірушілерінің "ӨМГ" АҚ-мен ұзақ мерзімді келісімшартта р жасасуы	шарттар жасасу	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), " Самұрық-Қазына" ҰӨҚ" АҚ (келісу бойынша), " ӨМГ" АҚ ( келісу бойынша), әкімдік	2021 – 2022 жылдар ішінде	талап етілмейді	
16.	Өңірдегі жергілікті тауар өндірушілерінің мұнай-газ саласы кәсіпорындарының қызметкерлері үшін азық-түлік, арнайы киім және арнайы аяқ киім сатып алуға тапсырыстар көлемімен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге қатысуы	шарттар жасасу	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2021 – 2025 жылдардағы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
	Жаңаөзен қаласында еңбек жанжалдары туындаған					

17.	кезде жедел шешімдер қабылдау және қала тұрғындармен тығыз байланыс қалыптастыру үшін тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық штаб құру	штаб құру	Еңбекмині, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), әкімдік	2021 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
18.	Жаңаөзен қаласы тұрғындарының біліктілігін және кадрларды қайта даярлау қажеттігін ескере отырып, жұмыс істеп тұрған және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның жаңадан ашылатын жобаларына оларды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	" Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), әкімдік	2022 – 2025 жылдардағы 4-тоқсан	талап етілмейді
19.	"Қаламқас-теңіз" және "Хазар" ірі кен орындарын игеру кезінде Маңғыстау облысының жергілікті компаниялары мен тұрғындарын барынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), әкімдік		талап етілмейді

	тарту мәселесін пысықтау			2022 – 2025 жылда ішінде	
20.	Маңғыстау облысының аумағында орналасқан рентабельді емес, су басқан, дебиті аз кен орындары бойынша салықтық преференциялар беру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ҰЭМ, Қаржымині, ЭМ, "ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), әкімдік	2022 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
21.	Жеңіл өнеркәсіп (кездеме, аяқ киім, мақта, тоқыма материалдарын, көрпе, жамылғы, киім шығару), металлургия өнеркәсібі (шегендеу құбырларын, металл илегін, құбырларға арналған фитингтер, болттар, бұрандалар, дюбельдер және т.б. өндіру) және машина жасау (сорғылар, компрессорлар, желдеткіштер, жылу алмастырғыштар шығару) салаларында инвестициялық жобаларды	ӨҚМ-ге есеп	әкімдік, СІМ, "Kazakh Invest" "ҰК" АҚ (келісу бойынша)		талап етілмейді

	іске асыруға инвесторлар тарту			2022 – 2025 жылдар ішінде		
22.	Құрылыс материалдарын шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	3500	ЖИ
23.	Жаңаөзен қаласында сорғы-компрессорлық құбырлар мен сорғы штангаларын шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	17300	ЖИ
24.	Аммоний сульфатын шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	2100	ЖИ
25.	"Ақтау теңіз порты" АЭА жұмыс істеу мерзімін 2053 жылға дейін ұзарту	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	ӨҚМ, әкімдік, ҰЭМ, Қаржымині	2024 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
26.	Өңдеу өнеркәсібін, көліктік-логистикалық әлеуетті одан әрі дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Маңғыстау облысының аудандары мен қалаларында жер учаскелерін қосу арқылы "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағын кеңейту	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	ӨҚМ, әкімдік, ҰЭМ, Қаржымині, "Ақтау теңіз порты АЭА" (келісу бойынша)	2024-2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
	Бұрандалы сорғы					

27.	жүйелерін шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ӨҚМ	2024 жылғы 4 -тоқсан	600	ЖИ
28.	Инвестициялық жобаны халықтың мұқтажын камтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесіне енгізу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТЖМ, әкімдік, "KazAzot Prime" ЖШС (келісу бойынша)	2024 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
29.	"Қаламқас" және "Хазар" кен орнын жобалау	ТЭН әзірлеу	ЭМ, ЭТРМ, "ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 4 -тоқсан	көзделген қаражат шегінде	ЖИ
30.	Қазақстан Республикасының Үкіметімен Инвестициялар туралы келісім шеңберінде "Жасыл" сутегі өндірісі" жобасы бойынша жобалау-іздеру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жобаны іске асырудағы нақты қадамдарды айқындау іс-шараларын әзірлеуді бастау жөніндегі мәселені пысықтау	СІМ-ге есеп	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
31.	Құбыр өнімдерін шығаратын зауыттың	ӨҚМ-ге есеп	әкімдік		1000	ЖИ

	жобалық құжаттамасын дайындау			2025 жылғы 4-тоқсан		
32.	Аммиак-карбамид кешені бойынша жобалау құжаттамасын дайындау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау	ӨҚМ-ге есеп	әкімдік, ӨҚМ, "KazAzot Prime" ЖШС (келісу бойынша)	2025 жылғы 4-тоқсан	4000	ЖИ
33.	Каспий теңізі акваториясындағы кеме жасау верфі бойынша жобалық құжаттама дайындау	КМ-не есеп	әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан	500	ЖИ
34.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "KazAzot Prime" ЖШС тарапынан қажетті құжаттар енгізілсе кезінде Маңғыстау облысында аммиак-карбамид кешенінің құрылысы" жобасын мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобалар тізбесіне енгізу	ЭМ бұйрығы	ЭМ, "KazAzot Prime" ЖШС (келісу бойынша)	2024 жылғы 3-4-тоқсан	талап етілмейді	
	Тіркеме техникасын өндіру		ӨҚМ, әкімдік,			

35.	желісін салу және іске қосу жобасын іске асыру жөніндегі мәселені пысықтау (1 кезең)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ӨҚМ есебі	" Самұрық-Қазын" ҰӨҚ" АҚ (келісу бойынша), " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 1-тоқсан	шығыстар көлемі мен қаржыландыру көзі келісілгеннен кейін айқындалатын болады
36.	Темірбетон конструкцияларын арматуралауға арналған, ыстықтай илектелген, кезектес кертпелі арматура шығаратын зауыт салу жобасын іске асыру жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ӨҚМ есебі	ӨҚМ, әкімдік, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 1-тоқсан	шығыстар көлемі мен қаржыландыру көзі келісілгеннен кейін айқындалатын болады
37.	Ақтау қаласында сұйытылған газ өндіру үшін газ өңдеу шағын зауытын салу жобасын іске асыру жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ЭМ есебі	әкімдік, ЭМ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 1-тоқсан	ЖИ шығыстар көлемі инвестормен келісілгеннен кейін айқындалатын болады
38.	Маңғыстау облысының машина жасау саласын дамыту мақсатында арнайы техниканың қосымша көлемін ұсыну жөніндегі мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ӨҚМ, "ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	2024-2025 жылдардағы 4-тоқсан	талап етілмейді

2. Агроөнеркәсіптік кешен және азық-түлік қауіпсіздігі

39.	АӨК дамыту шеңберінде 2 1 инвестициялық жобаны іске асыру	АШМ-ге есеп	әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	8781	ЖИ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	2740	
				2023 жылғы 4 -тоқсан	1000	
				2024 жылғы 4 -тоқсан	370	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	100	
40.	Ұңғымаларды бұрғылау арқылы қалалар мен аудандардағы агроаймақтарды суландыруды жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022 жылғы 4 -тоқсан	45	ЖБ
				2023 жылғы 4 -тоқсан	14,2	
				2024 жылғы 4 -тоқсан	150	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	150	
41.	"Ауыл аманаты" жобасы шеңберінде ауыл тұрғындарына микрокредиттер беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	А Ш М , әкімдік	2023 жылғы 4 -тоқсан	1200	РБ
				2024 жылғы 4 -тоқсан	1848	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	1018	
42.	Өңірдің табиғи ерекшеліктерінен ескеріп отырып, жылыжай алқаптарының көлемін жыл сайын 2 гектарға ұлғайту	АШМ-ге есеп	әкімдік	2023 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
43.	Түйе шаруашылығында түйе санын жыл сайын 10 %-ға дейін ұлғайту	АШМ-ге есеп	әкімдік	2023 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	
	Түйені азықпен қамтамасыз ету мақсатында					



44.	аналық түйелердің азығына жұмсалатын шығындардың құнын 20 %-ға дейін арзандатуға арналған субсидиялау өтінімдерінің санын ұлғайту	АШМ-ге есеп	әкімдік	2023 – 2024 жылдар ішінде	талап етілмейді	
45.	Түрікменстаннан Қазақстанға түйе әкелу мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	АШМ, СІМ	2024 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
46.	Суару үшін жерасты суларын зерттеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	СРИМ, әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
3. Балық шаруашылығы						
47.	Балық өсіру шаруашылықтарының инфрақұрылымын құру, кеңейту және салу жөнінде шаралар қабылдау (ЖСҚ әзірлеу және электр беру желілерін жүргізу, жол төсеу, газ, су жеткізу, пирстерді орнату және т.б.)	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан	82,3	ЖБ
48.	Балық шаруашылығын құру және дамыту үшін жер учаскелерін беру	әкімдіктің қаулысы	әкімдік	2024 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	

49.	Жұмыс істеп тұрған ЖОО мен басқа оқу орындары базасында балық өсіру бойынша оқытуды ұйымдастыру	шарт және басқа да растайтын құжаттар	әкімдік	2023 жылғы 4 -тоқсан	6,4	ЖБ
				2024 жылғы 4 -тоқсан	5,2	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	3,8	
50.	Теңізде балық аулауды дамытуды ынталандыру мәселесін, оның ішінде қаржыландыру тетігін пысықтау	тиісті есеп-қисаптар мен қоса, ЭТРМ-ге ұсыныстар	әкімдік	2022 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
51.	Балық өңдеу кәсіпорындарын өңделген балық өнімдерінің килограмна субсидия беру түріндегі мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау	тиісті есеп-қисаптар мен қоса ЭТРМ-ге ұсыныстар	әкімдік	2022 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
52.	Түпқараған ауданы Қызылөзен ауылының маңында тауарлық бекіре балығының түрлерін өсіру және тағамдық уылдырық өндіру жөніндегі жобаны іске асыру	пайдалануға беру актісі	әкімдік, АШМ, СІМ	2025 жылғы 4 -тоқсан	5637	ЖИ
53.	Каспий теңізінің Маңғыстау секторындағы т о р шаруашылығында албырт	пайдалануға беру актісі	әкімдік, АШМ, СІМ	2025 жылғы 4 -тоқсан		ЖИ

	өсіру жөніндегі жобаны іске асыру				4000	
4. Көлік және логистика						
54.	Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау (облыстық маңызы бар 216 км және аудандық маңызы бар 55 км жол)	пайдалануға беру актісі	ҚМ, әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	1490,6	РБ
				2022 жылғы 4-тоқсан	6379,8	
				2023 жылғы 4-тоқсан	3927	
				2024 жылғы 4-тоқсан	4335	
				2025 жылғы 4-тоқсан	5000	
				2021 жылғы 4-тоқсан	1230,9	ЖБ
				2022 жылғы 4-тоқсан	1562,7	
				2023 жылғы 4-тоқсан	4078,3	
				2024 жылғы 4-тоқсан	2595,8	
				2025 жылғы 4-тоқсан	2078	
55.	Жаңаөзен және Форт-Шевченко шағын және моноқалаларының автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау (74 км жол салу және реконструкциялау)	пайдалануға беру актісі	ҰӘМ, әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	357,3	РБ
				2022 жылғы 4-тоқсан	1045,2	
				2021 жылғы 4-тоқсан	68,6	ЖБ
				2022 жылғы 4-тоқсан	111,2	
				2023 жылғы 4-тоқсан	100	
				2024 жылғы 4-тоқсан	95,2	
				2025 жылғы 4-тоқсан	90	
	"Ауыл – Ел бесігі"			2021 жылғы 4-тоқсан	555,7	РБ
				2022 жылғы 4-тоқсан	1342,5	
				2023 жылғы 4-тоқсан	909,3	

56.	бағдарламасы шенберінде ауылшілік автомобиль жолдарын салу және қайта жөндеу (170 км)	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	3044,5	ЖБ
				2021 жылғы 4 -тоқсан	165,7	
				2022 жылғы 4 -тоқсан	209,2	
				2023 жылғы 4 -тоқсан	3256,3	
				2024 жылғы 4 -тоқсан	3233,4	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	3231,5	
57.	"Құрық порты – Энзели" немесе "Құрық порты – Махачкала" бағыты бойынша паром қатынасын ашу жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге есеп	әкімдік	2022 жылғы 1 -тоқсан	талап етілмейді	
58.	Ақтау қаласында автовокзал салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2023 жылғы 4 -тоқсан	300	ЖИ
				2024 жылғы 4 -тоқсан	300	
				2025 жылғы 4 -тоқсан	250	
59.	Маңғыстау облысының орталығы үшін жаңа теміржол вокзалын салу мәселесін пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныстар	әкімдік, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 3 -тоқсан	талап етілмейді	
60.	Қалалардың және облысшілік ауданаралық бағыттардың автобус парктерін жаңарту	қабылдау-тап сыру актісі	әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	166	ЖБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	143	
				2023 жылғы 4 -тоқсан	1340	
				2022 жылғы 4 -тоқсан	208	ЖИ
				2024 жылғы 4 -тоқсан	5144	БК

61.	Ақтау және Құрық порттары базасында контейнерлік хаб құру және экспорттық жүктердің бір бөлігінің бағдарын өзгерту жөніндегі жұмыс жоспарын әзірлеу	жоспарды бекіту	ИИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 1-тоқсан		талап етілмейді
62.	Ақтау қаласының автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау (8,5 км жол салу және реконструкциялау)	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2022 жылғы 4-тоқсан	122,9	РБ
				2023 жылғы 4-тоқсан	500	
				2023 жылғы 4-тоқсан	149,4	ЖБ
				2024 жылғы 4-тоқсан	135,8	
				2025 жылғы 4-тоқсан	744,3	
63.	"Ақтау-Форт-Шевченко (43-132 км учаскесі)" автомобиль жолын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	КМ, әкімдік		3000	РБ
				2025 жылғы 4-тоқсан	300	МБ
64.	"Шетпе ауылына дейінгі Таушық (70 км)" автомобиль жолын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	КМ, әкімдік	2024 жылғы 4-тоқсан	300	РБ
					3 000	ЖБ
				2025 жылғы 4-тоқсан	300	МБ
65.	Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2023 жылғы 4-тоқсан	3190,1	
				2024 жылғы 4-тоқсан	3208,1	
						ЖБ

	облыстық маңызы бар 179 км және аудандық маңызы бар 206,2 км жол)			2025 жылғы 4-тоқсан	3208,1	
66.	"Алят-Құрық" порты бағыты бойынша паром қатынасының санын арттыру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	КМ, СІМ	2024 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
67.	Ақтау қаласында теңіз вокзалын салу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	әкімдік, ТСМ	2024 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
68.	Ақтау порты базасында контейнерлік хаб салу	пайдалануға беру актісі	"АТСП" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 4-тоқсан	43432	ЖИ
69.	Маңғыстау облысының орталығы үшін теміржол вокзалын реконструкциялау ЖСҚ әзірлеу және бастау	мемсараптама қорытындысы және 30 % көлемінде орындалған жұмыстар актісі	әкімдік, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2023 жылғы 4-тоқсан	54	ЖБ
				2024 жылғы 4-тоқсан	85	
				2025 жылғы 4-тоқсан	5000	БК
70.	Құрық, Ақтау теңіз порттарының акваториясының түбін терендету	орындалған жұмыстар актісі	КМ, "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "АТСП" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2024 жылғы 4-тоқсан	22300	БК
				2025 жылғы 4-тоқсан	48588	
	Жүк автокөлік құралдарына ГБЖ (СТГ) орнату үшін субсидиялар, сондай-ақ ұйым мен					

71.	<p>халық үшін жеңілдікпен берілетін кредиттер мен басқа да қаржылық, әкімшілік ынталандыру тетіктерін ұсыну жөніндегі мәселені пысықтау. Маңғыстау облысының жергілікті бюджеттен жүк автокөлік құралдарына ГБЖ (СТГ) орнату құнының 30 % - ы мөлшерінде субсидиялар беру жөніндегі пилоттық жобасын іске қосу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭМ, КМ, ҰЭМ, Қаржымині, әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	
72.	Ақтау портының қайта тиеу техникасы мен жабдықтарын жаңарту	кабылдау актісі	КМ, "АТСП" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2024 жылғы 4 -тоқсан	3085	БК
2025 жылғы 4 -тоқсан	8023,6					
73.	Ақтау-Қостанай-Ақтау, Ақтау-Қызыл орда- Ақтау, Ақтау-Тараз-Ақтау, Ақтау-Өскемен-Ақтау, Ақтау-Петропавл-Ақтау, Ақтау-Жезқазған-Ақтау, Ақтау-Қарағанды-Ақтау жаңа авиамаршруттары бойынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	әкімдік, КМ, авиатасымалдаушылар (келісу бойынша)	2024 – 2025 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	

	авиатасымалдарды субсидиялау мәселесін пысықтау					
74.	Жұмыс істеп тұрған "Маңғыстау – Бейнеу" теміржол маршрутын жаңғырту бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	"ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), КМ, әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
5. Туризм						
75.	"Бозжыра шатқалы мен тамашалау алаңдарына дейін автомобиль жолдарын салу" жобасына ЖСҚ әзірлеу және оны одан әрі іске асыру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	39,6	ЖБ
76.	Халықаралық этномәдени музыка фестивалін өткізу (этникалық музыка фестивалі, этникалық мәдениет және өнер көрмесі, халық қолөнері және қолөнер көрмесі, B2B кездесулер)	іс-шара өткізу	әкімдік	2022 жылғы 4-тоқсан	25	ЖИ
				2023 жылғы 4-тоқсан	25	
				2024 жылғы 4-тоқсан	45	ЖБ
	2025 жылғы 4-тоқсан	47				
77.	"Ақтау" әуежайынан Ақтау қаласындағы туристік	МСМ-ге есеп	әкімдік			талап етілмейді



	объектілерге дейін такси қызметін ұйымдастыру			2022 – 2023 жылғы 4-тоқсан		
78.	Ақтау қаласы мен Қарақия ауданындағы "Жылы жағажай" ауданында кемінде 7 туристік жобаны, 2 визит-орталықты және 1-ші глампингті сүйемелдеу жолымен құрылысты қамтамасыз ету	TSM-ге есеп	әкімдік	2024 – 2025 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	
79.	Түпқараған ауданында "Саргас" визит-орталығын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, МСМ	2022 жылғы 4-тоқсан	248	ЖИ
80.	Ақтау қаласында "Жылы жағажай" ауданында Фламинго Резорт" демалыс базасын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, МСМ	2023 жылғы 4-тоқсан	12900	ЖИ
81.	Ақтау қаласында "PANA" қонақүй кешені құрылысын іске асыру ("SANDYQ" мейрамханасы – 2025 ж.)	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025 жылғы 3-тоқсан	1670	ЖИ
82.	Кендірлі демалыс аймағын дамыту үшін инженерлік-көлік инфрақұрылымын (газбен	Қазақстан Республикасының				талап етілмейді

	жабдықтау, электрмен жабдықтау, автомобиль жолын) салу мәселесін пысықтау	Үкіметіне есеп	әкімдік, ЭМ, КМ, ТСМ, ҰЭМ	2025 жылғы 4 -тоқсан	
83.	Сығынды ( автожолдар – 20 км; газ құбыры – 5 км); сумен жабдықтау – 5 км; КТҚ – 5 км) және радон көзі ( газбен жабдықтау – 2 км; электрмен жабдықтау – 3 км; автомобиль жолы – 6 км) туризм объектілерін инфрақұрылым мен қамтамасыз ету, оның ішінде медициналық туризмді дамыту	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ӨҚМ, ЭМ, КМ, ТСМ, ҰЭМ	2025 жылғы 4 -тоқсан	шығыстар көлемі мен қаржыландыру көзі МС қорытындысы шыққаннан кейін айқындалатын болады
84.	Қазіргі заманғы ойын-сауық паркін (" Диснейлендке " ұқсас), аквапарк салу мәселесін пысықтау	ТСМ-ге есеп	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді
85.	Қажетті шектеулерді енгізе отырып, облыста ойын аймағын ашу мәселесін пысықтау	ТСМ-ге есеп	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді
	Туризм саласында		әкімдік, ТСМ, Еңбекмині, " Ш. Есенов		шығыстар көлемі мен қаржыландыру көздері ОМО

86.	кадрларды кәсіптік даярлау	ҒЖБМ-ге есеп	атындағы КМТИУ" ҚБ (келісу бойынша)	2025 жылғы 4 -тоқсан	мен келісілгеннен кейін айқындалатын болады
87.	Аумақтарын абаттандыру және тиісті жағдайын қамтамасыз ету мақсатында туристік қызығушылық тудыратын табиғат объектілерін (Саура, Тамшалы, Самал, Ақмыш және тағы басқа) сенімгерлік басқаруға беру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді
88.	Кендірлі туристік аймағын дамыту жөнінде мастер-жоспар әзірлеу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ТСМ, әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді
89.	Қ Д Б тарапынан "Fairmont" қонақүйінің құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз ету мәселесін пысықтау	ТСМ-ге есеп	әкімдік, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	2025 жылғы 1 -тоқсан	талап етілмейді
6. Кәсіпкерлікті дамыту					
90.	Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы	Қазақстан Республикасы	ҰЭМ, әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	РБ

	шенберінде қалаларда микрокредиттер беру	ның Үкіметіне есеп			700,0	
91.	Ақтау қаласында көтерме сауда базарын ашу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ҰКП (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	990	ЖИ
92.	Ақтау қаласында "коммуналдық базар" форматында сауда объектісін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ҰКП (келісу бойынша)	2025 жылғы 4-тоқсан	600	ЖИ
93.	Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылында супермаркетті пайдалануға беру	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ҰКП (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	180	ЖИ
94.	Ақтау қаласында көтерме-тарату орталығын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022 жылғы 4-тоқсан	1000	ЖИ
				2023 жылғы 4-тоқсан	1500	
				2024 жылғы 4-тоқсан	1000	
95.	Мұнайлы ауданында көпфункционалды сауда кешенінің 1-ші кезегін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022 жылғы 4-тоқсан	200	ЖИ
				2023 жылғы 4-тоқсан	400	
				2024 жылғы 4-тоқсан	450	
				2025 жылғы 4-тоқсан	450	
96.	Азық-түлік тауарларын уақытша сақтау қоймасын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022 жылғы 2-тоқсан	570	ЖИ
97.	Ақтау қаласында "Aktau Mall" сауда-ойын-сауық орталығын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан	10000	ЖИ

98.	Ақтау қаласында ет дүкендері желісін ашу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024 жылғы 4-тоқсан	50	ЖИ
				2025 жылғы 4-тоқсан	50	
99.	Бірыңғай кешенді бағдарлама шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидиялау жолымен кәсіпкерлікті қолдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	әкімдік	2024 жылғы 2-тоқсан	1848	ЖБ
					500	БК
					900	ЖБ
				2025 жылғы 4-тоқсан	500	БК
100.	Туристік қызмет объектілері үшін ай сайынғыдан маусымдық форматта кредит қайтару мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қаржымині, ТСМ	2024 – 2025 жылдар ішінде	талап етілмейді	

7. Тұрғын үй және инфрақұрылым

101.	Кезекте тұрғандар үшін, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй салу және (немесе) сатып алу (930 пәтерге арналған 70 мың шаршы метр тұрғын үй)	пайдалануға беру актісі/ орындалған жұмыстар актісі	Ө Қ М , Қаржымині, әкімдік	2021 жылғы 4-тоқсан	2468	РБ
				2021 жылғы 4-тоқсан	264,6	ЖБ
				2024 жылғы 4-тоқсан	10944	БК
					2200	РБ
					5000	РБ
				2025 жылғы 4-тоқсан	2700	ЖБ
				2021 жылғы 3-4-тоқсан	4514,8	РБ
				2022 жылғы 3-4-тоқсан	10376,5	
				2023 жылғы 3-4-тоқсан	6878,9	

102.	Тұрғын үй құрылысы объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу	пайдалануға беру актісі	Ө Қ М , Қаржымині, әкімдік	2024 жылғы 3-4-тоқсан	8075	ЖБ
				2025 жылғы 3-4-тоқсан	4700	
				2021 жылғы 3-4-тоқсан	413	
				2022 жылғы 3-4-тоқсан	1140	
				2023 жылғы 3-4-тоқсан	800	
				2024 жылғы 3-4-тоқсан	800	
				2025 жылғы 3-4-тоқсан	1116,7	
103.	"Жаңаөзен қаласында 180 пәтерлік тұрғын үй салу" жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеу (кредиттік тұрғын үй)	мемлекеттік сараптама қорытындысы	әкімдік	2023 жылғы 4-тоқсан	10	ЖБ
				2024 жылғы 4-тоқсан	шығыстар көлемі мемлекеттік сараптама шыққаннан кейін айқындалады	БК
104.	Жаңаөзен қаласы жастары қатарынан жұмысқа орналасқан азаматтарға Ақтау қаласының жатақханаларында тұрғаны үшін жалдау ақысын субсидиялау	шарттар жасасу	әкімдік, "ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2021 жылғы 4-тоқсан	25	ЖИ
				2022 жылғы 4-тоқсан	25	
				2023 жылғы 4-тоқсан	25	
				2024 жылғы 4-тоқсан	25	
				2025 жылғы 4-тоқсан	25	
105.	Жаңаөзен қаласындағы халықтың әлеуметтік топтарын, жетім балаларды және авариялық үйлердің тұрғындарын көшіру үшін Ақтау	қабылдау-беру актісі	әкімдік, "ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2021 жылғы 4-тоқсан		ЖИ

	қаласында тұрғын үй сатып алу, кейіннен коммуналдық тұрғын үй қорына беру				1375	
106.	Қалалар мен аудандардағы тұрғын үйлерді жаңғырту (КТҮ күрделі жөндеу)	пайдалануға беру актісі	ӨҚМ, әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	337,8	РБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	1422,6	
				2023 жылғы 4 -тоқсан	180,3	
107.	Ақтау қаласындағы ескі тұрғын үйлерді жаңарту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025 жылғы 4 -тоқсан	5500	ЖИ
108.	"Маңғыстау жастары" тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету	МАМ-ға есеп	әкімдік, "Отбасы банк" АҚ (келісу бойынша)	2024 жылғы 4 -тоқсан	500	ЖБ
				2025 жылғы 4 -тоқсан	500	
8. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық						
109.	"Ауыл – ел бесігі" жобасы шеңберінде АЕМ-де электрмен жабдықтау объектілерін салу	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2021 жылғы 4 -тоқсан	137,7	РБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	264,4	
				2021 жылғы 4 -тоқсан	19,9	ЖБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	27,3	
	"Каспий энергетикалық хабының" сыртқы инфрақұрылымын салу шеңберінде кернеуі 110 кВ электр беру желілерін және ҚС 110/10 кВ 2 қосалқы			2021 жылғы 4 -тоқсан	3 000	РБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	1404,8	
				2023 жылғы 4 -тоқсан		ЖБ

110.	станция салу (4,7 км электрмен жабдықтау желілері және қуаты 63 МВт 2 қосалқы станция)	пайдалануға беру актісі	ЭМ, әкімдік		812,2	
111.	Жаңаөзен қаласының орталық қазандығының аумағында РВС-5000 м <sup>3</sup> резервуарын салу арқылы шағын ЖЭО-ны жаңғырту (5000 м <sup>3</sup> резервуар салу)	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2022 жылғы 4 -тоқсан	302,3	РБ
				2023 жылғы 4 -тоқсан	32,5	ЖБ
				2024 жылғы 4 -тоқсан	139	ЖБ
112.	Жаңаөзен қаласының қолданыстағы электрмен жабдықтау желілерін реконструкциялау және кеңейту (50,5 км электрмен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2024 жылғы 4 -тоқсан	139	ЖБ
	"Каспий энергетикалық хабының" сыртқы инфрақұрылымын салу шеңберінде "Жаңаөзен – Ақтау"			2021 жылғы 4 -тоқсан	500	РБ
				2022 жылғы 4 -тоқсан	3401	
				2021 жылғы 4 -тоқсан	331,3	



113.	магистральды қ газ құбырынан АГТС орната отырып, магистральды қ газ құбырын салу (52,03 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	ЭМ, әкімдік	2023 жылғы 4-тоқсан	101,2	ЖБ
114.	Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен Сарша елді мекеніне және "Жылы жағажай" курорттық аймағындағы "Rixos Aktau" отеліне дейін 2 ГРБП қондырғысын орната отырып, жоғары қысымды газ құбырын салу (59,2 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2023 жылғы 4-тоқсан	8300	БК
115.	Маңғыстау облысы Құрық ауылында АГТС орната отырып, "Жаңаөзен – Ақтау" магистральды қ газ құбырынан "Жетібай – Құрық" магистральды қ газ бұру құбырын салу (85 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	25694	БК

116.	Ду 720 мм " Жаңаөзен – Жетібай – Ақтау" магистральды к газ құбыры, Ду 720 мм " КазГПЗ-КС – Жаңаөзен" магистральды к газ құбыры, Ду 529/530 мм "Жаңаөзен – Жетібай – Ақтау" магистральды к газ құбыры 3 тармағын күрделі жөндеу (2,8 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ЭМ, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), " QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4 -тоқсан	8060	БК
				2023 жылғы 4 -тоқсан	5077	
				2024 жылғы 2 -тоқсан	406	
117.	"Бейнеу – Жаңаөзен" магистральды к газ құбырының 1-тармағын күрделі жөндеу (13,9 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ЭМ, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4 -тоқсан	9817	БК
				2023 жылғы 4 -тоқсан	7231	
				2024 жылғы 2 -тоқсан	27399	
118.	"Бейнеу – Жаңаөзен" магистральды к газ құбырының 2-тармағын салу (308 км газбен жабдықтау желісі)	пайдалануға беру актісі	әкімдік, ЭМ, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), " QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4 -тоқсан	321	БК
				2023 жылғы 4 -тоқсан	173842	
119.	Кендірлі ауылының инженерлік инфрақұрылымын дамыту жобаларын өзектілендіру	мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	әкімдік	2023 жылғы 4 -тоқсан	20	ЖБ
	Жаңаөзен қаласын					

120.	абаттандыру және онда қоғамдық кеңістік скверлер, субұрқалар, орындықтар мен әткеншектер бар демалыс аймақтары) құру	орындалған жұмыстар актісі	"ҚМГ" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	350	ЖИ
121.	" МАЭК-Қазато мөнеркәсіп" Ж Ш С энергетикалық кешенінің негізгі жабдықтарын жаңғырту жобасының ТЭН әзірлеу (оның ішінде Е Ұ Қ Т енгізуді көздейтін, " МАЭК-Қазато мөнеркәсіп" Ж Ш С алаңында БГҚ қондырғысын салудың орындылығын қарастыру)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭМ, әкімдік, " МАЭК-Қазато мөнеркәсіп" ЖШС (келісу бойынша)	2022 жылғы 4-тоқсан	100	ЖИ
122.	Ақтау, Жаңаөзен қалаларында және Бейнеу ауылында автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024 жылғы 4-тоқсан	1650	ЖИ
	"МАЭК" Ж Ш С қолданыстағы № 1 су тарту каналымен түйісетін Ақтау			2022 жылғы 4-тоқсан	40	ЖБ
				2023 жылғы 4-тоқсан	2000	РБ
				2024 жылғы 4-тоқсан	200	ЖБ

123.	халықаралық теңіз портының солтүстік шекарасы ауданында су тарту каналын салу" жобасының ЖСҚ әзірлеу және іске асыру	пайдалануға беру актісі	ӨҚМ, әкімдік	2025 жылғы 4-тоқсан	1800	РБ
				200	ЖБ	
